


КАЗАҚСТАН ҒАЛЫМДАРЫНЫҢ БИОБИБЛИОГРАФИЯСЫ

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы  
КАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

ҒЫЛЫМИ КІТАПХАНА



**ЕЛЕМЕСОВ**  
**Раушан Елемесұлы**

АЛМАТЫ



A stylized, handwritten signature in black ink. The signature is cursive and appears to be a set of initials or a name, followed by a long horizontal line extending to the right.

**Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті**

**Ғылыми кітапхана**

**Елемесов Раушан Елемесұлы**

**Биобиблиографиялық көрсеткіш**

Алматы  
«Қазақ университеті»  
2002

**Редактор Е.Д. Абулкаирова**

**Құрастырушылар: Е.Б. Жатқанбаев, Д.А. Қалдияров,  
Б.М. Мухамедиев, А.Ж. Скатова**

**Елемесов Раушан Елемесұлы: Биобиблиографиялық  
көрсеткіш /Құраст.: Е.Б. Жатқанбаев, Д.А. Қалдияров,  
Б.М. Мухамедиев, А.Ж. Скатова. - Алматы: Қазақ  
университеті, 2002. – 64 бет.**

**Казахский национальный университет имени аль-Фараби**

**Научная библиотека**

**Елемесов Раушан Елемесович**

**Биобиблиографический указатель**

Алматы  
«Қазақ университеті»  
2002

**Редактор Е.Д. Абулкаирова**

**Составители: Е.Б. Жатканбаев, Д.А. Калдияров,  
Б.М. Мухамедиев, А.Ж. Скатова**

**Елемесов Раушан Елемесович: Библиографический  
указатель / Сост.: Е.Б. Жатканбаев, Д.А. Калдияров, Б.М.  
Мухамедиев, А.Ж. Скатова. – Алматы: Қазақ университеті,  
2002. – 64 с.**

## АЛҒЫ СӨЗ

Ұсынылып отырған көрсеткіш әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті ғалымдарының биобиблиографиясы сериясының жалғасы болып табылады.

Көрсеткіш әлемдік экономика кафедрасының профессоры, экономика және бизнес факультетінің деканы Р.Е.Елемесовқа арналған.

Биобиблиографияда жинақталған материалдар профессор Р.Е. Елемесовтың еңбек және ғылыми-педагогтік қызметтегі жолын қамтиды. Жарияланған еңбектер әр жыл көлемінде мерзімдік тәртіппен орналасқан: әуелі қазақша, одан кейін орыс тілдерінде.

Қарауға мүмкіншілік болмаған мақалалар “de visu” жұлдызымен белгіленген.

Оқырмандар пайдалануына ыңғайлы болу үшін авторлардың есім көрсеткіші қосымша беріліп отыр.

## ПРЕДИСЛОВИЕ

Предлагаемый указатель является продолжением серии библиографий ученых Казахского национального университета им. аль-Фараби.

Библиография посвящена профессору кафедры мировой экономики, декану факультета экономики и бизнеса Елемесову Р.Е.

Материал, помещенный в библиографии, отражает трудовую и научно-педагогическую деятельность профессора Елемесова Р.Е. Публикации расположены в хронологическом порядке, в пределах каждого года по алфавиту: сначала идут работы, опубликованные на казахском языке, затем на русском.

Статьи, которые не удалось просмотреть “de visu”, отмечены звездочкой.

В именном указателе соавторов ссылки даются на порядковые номера работ.

## **Профессор Раушан Елемесұлы Елемесовтың ғылыми-ұстаздық және қоғамдық қызметі туралы қысқаша очерк**

Р.Е. Елемесов Ұлы Отан соғысының сұрапыл жылдарында дүниеге келгендердің бірі болды. Негізгі кәсібі малшы болған оның әкесі Елемес, дәстүрлі далалық өмір сүрді. Қыстауы Арыс өзенінің жағалауында болса, көктем шыға Қаратау баурайына көшіп кететін. 1942 жылдың көктемінде осы мекен жайда Раушан есімді бала дүниеге келді. Қазіргі Бәйдібек ауданы (бұрынғы Алғабас ауданы) Боралдай селолық округінің Түйетас ауылы болып табылады.

Оның балалық шағы соғыс кезінде әкесіз өмірді құдай тағдырына жазғандай, сол кезде туылған көптеген балалардың өмірімен тағдырлас. Әкесі 1942 жылдың күзінде соғысқа аттанып, содан хабарсыз кетті. Анасы Зейне ең үлкені 15 жастағы төрт бірдей баласымен жесір қалды. Оның отбасы елмен бірдей соғыс және соғыстан кейінгі кезеңдегі барлық ауыртпалығын бастан өткерді. Малы болған жоқ. 30-жылдары малды түгел кәмпескелеу және жаппай колхоздастыру басталып, оған қарсы шыққандар Орта Азияға қоныс аударуға тура келді. Жанұясы ол жақтан соғыс басталар алдында ғана қайтып келіп, Сайрам ауданындағы Қайрат колхозына мүшелікке кіреді. Раушанның әкесі белгісіз себептерге байланысты (Созақ көтерілісіне қатыскандығынан болса керек) өзінің туған жеріне қайтқысы келмейтін. Әкесін әскерге алып кеткен соң, туыстары оларды қазіргі Бәйдібек ауданына көшіріп алады. Үлкен ағасы мен әпкесі бүгінгі күнге дейін сол жерде тұрады.

1946 жылы еңбек армиясына шақырылған ең үлкен ағасы Қарағанды көмір шахталарына жұмысқа жіберіліп, 1948 жылы Костенко атындағы шахтада болған апаттан қайтыс болды. Отбасы тағы да асыраушысынан айырылды. Соғыстан кейінгі кезең ешкімге де оңай тиген

жоқ. Әсіресе, от басында ересек ер адамдардың болмағандығы тіпті қиын еді. Талай рет қатаң жаза алғанына қарамастан, егінді жинап алған соң әйелдер мен балалар қалған масақты теретін. Осы бір сүреңсіз де қорқынышты уақыт әлі күнге дейін үлкендердің есінде. Балалардың киер киімдері де жоқ болатын. Электр дегеніміз атымен болмайтын. Бірақ мектептер жұмыс істейтін.

Р.Е. Елемесов үлкен ағасымен бірге оқу мен жазуды ертерек үйренді. Ауылда кітапхана жоқ болатын. Бірақ кейбір үйлерде негізінен қазақша қисса кітаптар болатын. Анасы көрші әйелдерді үйіне жиі жинап, баласына әлгі шығармалардың біреуін оқып беруді өтінетін. Сөйтіп, Раушанбек мектепке бармай жатып-ақ, «Алпамыс батыр», «Қобыланды батыр», «Қыз-Жібек» және басқа да халықтық шығармалармен таныс болды. Сонымен қатар ол кездері бір ауылдан екінші ауылға ауысып, кешті таңға ұластырып, тек қазақтың ғана емес, түркі елдерінің де эпостарын жатқа айтатын жыршылар дәстүрі әлі үзілмеген болатын. Анасы баласын қонаққа апармаса да, мұндай кештерден қалдырмаушы еді. Раушан соғыс және соғыстан кейінгі балалар сияқты ауызша жыршы аңыз-әңгімелермен ғана емес, сонымен қатар ең бірінші шешесінен естіген әңгімелермен, үлкендердің халық батырлары жайында және Қожанасыр мен басқа да халық шығармашылығындағы батырлармен таныс болды. Бұл ертеректе жазылған кітаптарды оқи алмай, ал жаңа жазбада халық шығармашылығы туралы ешнәрсе айтылмағандықтан қазақтардың мәңгірттенген кезеңі еді.

Түйетас ауылында қазіргі уақытқа дейін көкпар тартуды тоқтатқан жоқ. Мұның бір себебі ауылдың сол кездегі төрт ауданның түйіскен жерінде орналасқаны болса керек. Оның үстіне егін егілмейтін кең жазира дала да жетерлік. Ауыл балалары үшін бұл тек қана мейрам емес, сонымен бірге аты аңызға айналған арғымақтар мен көкпаршылармен танысудың бастамасы болатын.

Осылайша балалық шақтан ұлттық дәстүрге, салтқа тәрбиелеу басталатын. Тек соңғы жылдары сәл сиреп кетті.

1950 жылы мектепте сабақ басталды. Отбасындағы материалдық қиыншылық салдарынан ол мектепке кештеу барды. Ол кезде балалар қолға түскен кез-келген қағазға, газет қиындыларына жаза беретін. Қалам мен қарындаш та қат еді. Төрт сыныптық мектепте екі-ақ бөлме болатын. Онда бір ғана мұғалім сабақ беретін. Бірінде қазақ, екіншісінде орыс сыныптары оқитын. Оқу тек күндіз жүретін. Әр кезекте бір бөлмеде екі сынып қатар оқитын. Мұғалім бір мезгілде 1-3 сыныптың немесе 2-4 сыныптың оқушыларын оқыта беретін.

5-ші сыныпта совхоз орталығындағы орта мектепке ауысты (қазіргі Боралдай селосы). Мұндағы мектеп Оңтүстік Қазақстандағы ең алғы мектептердің қатарында болатын. Негізінен Ресей және Қазақстан университеттерінің түлектері сабақ беретін. Оқушылар 7-ші сыныптан бастап жазда егін жинауға, шөп шабуға, ал күзде 1-1,5 айға мақта жинауға жіберілетін. Осындай еңбек етулеріне қарамастан, мектеп оқушылары жақсы білім алып шығатын.

Р Елемесов 1961 жылы мектепті орыс тілінен ғана «жақсы» деген бағамен, жалпы үздік бітіріп шықты.

1961-1964 жылдары Мәскеудегі генерал Карбышев атындағы инженерлік академиясында әскери міндетін өтеді. 1964 жылы М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу Мемлекеттік университетінің экономика факультетіне «Саяси экономия» мамандығы бойынша жалпы конкурспен оқуға түсті. 1969 жылы университетті жақсы тәмәмдаған соң, ММУ-дің экономика факультетінің «Саяси экономия» кафедрасына аспирантураға қалдырылды.

Мәскеу Мемлекеттік университеті қабырғасында оқыған жылдары оның жеке тұлға және ғалым ретінде қалыптасуына шешуші ықпал етті. Факультет деканы Ұлы Отан соғысының ардагері профессор М.В. Солодков

болатын. Ал, кафедраны бүкіл Одаққа белгілі саяси экономия бойынша жалпыға танылған өзіндік мектебі бар профессор Н.А. Цаголов басқаратын. Оқытушылар арасында Азамат соғысының ардагері профессор И.И. Козодоев, экономика ілімдер тарихы бойынша үлкен маман болып саналатын профессор Полянский, Мәскеудегі балалар үйінің бірін қамқорлыққа алған. Черковец, Осадчий және басқа да тағдырлары қызықты тұлғалар. Басқа кафедраларда атақ-даңқтары бұлардан кем емес профессорлар Татур, Шеремет, Фаминский, болашақ Мәскеу әкімі Г. Попов және басқалар сабақ берді. Тәлім алатын, ұқсауға ұмтылатын ұстаздар жетерлік еді.

60 жылдардағы «Хрущевтің жылылық кезеңі» студенттер аудиториясына да әсер етті. Экономика факультетінің студенті болып табылатын біздер үшін ол көбіне-көп Косыгиннің экономикалық реформаларымен байланысты еді. Экономиканы реформалауға байланысты қызу айтыс-тартыстар жүріп жатты. Негізгі оппоненттер ММУ-дің экономика факультетінің және КСРО ҒА экономика институтының ғалымдары болатын. Бұл дискуссияларға әйгілі ғалымдарды көру үшін баратын студенттер, өз еріктерінен тыс еркін ойлауға, дәйекті ғылыми таласқа үйреніп жатқанын сезбейтін.

Тұлғаның қалыптасуына Мәскеудегі қазақ диаспорасы да аз ықпал еткен жоқ. Ол кездері Мәскеуде, оның ішінде ММУ-де үш мыңға жуық қазақ жастары оқитын. Олардың арасында бүгінде Қазақстанға белгілі ғалымдар мен қоғам қайраткерлері- экономика ғылымдарының докторы, академик Ғ.А. Қалиев, ҰҒА корреспондент мүшесі С.С. Сатыбалдин, профессор Е.Б. Жатқанбаев, философ-профессорлар Ж.Ж. Молдабеков, А.Қ. Қасабеков, М. Орынбеков, дипломат Б. Тайжанов, қоғам қайраткерлері М. Әуезов, С. Ақатай және басқалар бар болатын. «Жас тұлпар» жастар ұйымының, Қазақстан студенттерінің жерлестігінің шеңберінде әр түрлі шаралар, пікір алысулар өткізілетін. Онда қазақ

мәдениетіне, тіліне, диаспорасына қатысты мәселелер талқыланып, қазақ тілін және тарихты оқып үйренуге байланысты үйірмелер жұмыс істейтін. Бұл шаралардың барлығы оларды Отанымен байланыстырып, Қазақстандағы көптеген түйінді мәселелер жайында білуге мүмкіндік беріп, болашақ еркін елдің азаматтарын тәрбиеледі.

Жас тұлпар ұжымында жүрген кездегі бір сәт есіме түседі. Біз ММУ-дің дөңгешектерінде сатылатын Қазақстан баспаларында жарық көрген газеттердің санын көбейтуді ҚазССР лауазымды өкілдеріне өтініш жасадық. Біздің мұқтажымызды толығымен қанағаттандырмаса да, дегенмен «Социалистік Қазақстан», «Казахстанская правда» газеттерінің сатылу саны көбейді. Ол кездері оқумен қатар өмір сүруге қаржы табу қажет болатын. Вокзалдарда жүкші болып, күрек алып құрылыстарда, тағы басқа жерлерде жұмыс істеуіне тура келді. Әсіресе, студенттік құрылыс отрядтарына жұмыс істеген көбірек есімде қалған. Екі жаз бойы қазіргі Ақмола облысының Алексеев және Шортанды аудандарында астық сақтау қоймаларын, сарайлар, мектептер салуға қатысты. Мәңгілік тоңы жібімейтін Норильскіде, Сахалинде екі кезең болып, жер сілкінісіне төзімді құрылыс салудың қыр-сырын үйреніп қайтты. Қазіргі уақытта бұл отрядтар жайында жұмыс істеуге кіріптар етті деген пікір қалыптасқанмен, шын мәнінде олар тек ақша тауып қана қоймай, ел көріп, жер көріп, халықтың түрлі топтарымен танысып, географиялық танымын кеңейтіп қайтуға мүмкіндік беретін.

ММУ-де студенттік жылдары, ол сол жерде оқитын Сулейменова Сара Әбдіғалым қызына үйленді. 1968 жылы олардың тұңғыш ұлдары Асқар дүниеге келді. Ата-анасының ізін қуған ұлдары арада біраз жыл өткен соң ММУ-ді бітіріп, одан соң Вашингтон Университетінің (Сент-Луис, АҚШ) магистратурасын тәмәмдады. Асқар қазір Қазақстандағы «Дойче-Банкті»

басқарып, тек ата-анасының ғана емес, сонымен қатар достарының мақтанышына айналды.

Р Елемесов аспирантураға түскен соң, еңбек ресурстарының проблемаларымен айналыса бастады. Ғылыми жетекшісі экономика факультетінің декан орынбасары, кейіннен ММУ-дің проректоры болған профессор Ф.М. Волков. Р Елемесовтің бірде-бір ғылыми жұмыстарына жетекші болмағандығына қарамастан, кафедра меңгерушісі, профессор Н.А. Цаголов оның ғалым ретінде қалыптасуында үлкен рөл атқарған. Аспирант кезіндегі алғашқы ғылыми мақаласын Р. Елемесов ұзақ уақыт, үлкен еңбекпен жарты жылдай жазғанын есіне алады. Бірқатар түзетулерден соң ғылыми жетекшісі бұл мақаланы ММУ Жаршысының «Экономика» сериясына ұсынды. Оппоненті ол кездегі жас доцент, кейінірек белгілі Ресей экономисі, КСРО ҒА экономика институты директорының орынбасары болған В.В. Куликов еді. Ол бұл мақаланың ешқандай ғылыми құны жоқ екендігін дәлелдегісі келді. Уақыт тым кеш болатын. Соған қарамастан редакцияға Н.А. Цаголовтың өзі келіп, аспирант пен доценттің арасында болып жатқан пікірталасты тыңдады. Р Елемесов, әрине, өз сөзінің дұрыстығын қызық дәлел үстінде, тіпті сондай қызу айтыс кезінде бұл бөлмеде екеуінен бөлек үшінші адамның бар екенін де ұмытып, ал есіне түсіп Николай Александровичке қарағанда, ол үнсіз қалды. Ал, оны байқаған сәтте ол да, В.В. Куликов та үнсіз қалды. Біраз үнсіздіктен соң, Н.А. Цаголов: «Ғылым осылай жасалады. Всеволод Всеволодович, жас ғалымның мақаласын жіберу керек», - деді.

«Мені таңдандырғаны мақаланы жібергені емес. Бұған дейін де, бұдан кейін де әлемге танымал жоғары оқу орнының басты кафедрасының меңгерушісі, бүкіл елге танымал профессор, жүздеп саналатын аспиранттардың бірінің мақаласын оппонентімен бірге жұмыстан кейін қалып талқылағанын көрген емеспін. Бұл, әрине, маған назар аударғаны емес, факультет

шығаратын ғылыми журналға құрмет, оның мазмұнына деген жауапкершілік болғаны сөзсіз. Ол журналдағы саяси экономиялық жарияланымдарға жауап беретін. Бұл менің бүкіл өміріме сабақ болды. Содан бері, мен студенттер мен аспиранттарға мұқият қарауға тырысамын», - дейді Р. Елемесов. В.В. Куликов та ренжіген жоқ. Кейінірек біз достасып кеттік, және бүгінгі күнге дейін жақсы қарым-қатынасымызды үзген жоқпыз. Барлық шығармашылық ұжымдардағы атмосфера осындай болу керек.

Р. Елемесов аспирантураны бітірген соң, 1972 жылдың күзінен бастап, сол жылы көктемде ашылған Қарағанды Мемлекеттік Университетінің «Саяси экономия» кафедрасына аға оқытушы болып келді. Бұл Республикадағы ҚазМУ-ден кейінгі екінші университет болатын. Ол жерге ол бөлу жүйесінің ерігімен барды. ҚарМУ-дің ректоры атақты академик Е.А. Бөкетов (университет қазір сол кісінің атымен аталады) болатын, ал кафедраны Ұлы Отан соғысының ардагері, қазіргі профессор Т.А. Әбдіразақов басқарды.

ҚарМУ-дегі атмосфера ММУ-мен салыстырғанда мүлде басқа болатын. Оқытушылар құрамы тіптен жап-жас болатын. Оқытушылардың құрамының негізі сол Қарағанды педагогика институтының оқытушыларынан тұратын. Екі жылдың ішінде жолдама бойынша жаңа университетке Алматы, Мәскеу, Ленинград жоғары оқу орындарының көптеген түлектері мен аспиранттары келді. Кейбіреулері Қарағандыдағы басқа жоғары оқу орындарынан ауысқандары болды. Тіпті Қырғызстаннан және басқа да республикадан келген мамандар болды. Жоғарғы оқу орны жаңадан ғана қалыптасып, кафедрада бірнеше қызметкер ғана жұмыс істейтін жаңа факультеттер ашылып жатты. Бұл Елемесов Раушанның өміріндегі ең бір қызық сәттің бірі болатын. Ол қала мен облыстың, жаңа ұжымның қоғамдық өміріне араласып, педагогтік және өмірлік тәжірибе жинап жатқан қызықты кезең болатын. Ол өміріндегі сол бір сәтті есіне түсіріп

былай дейді: «Ең бір қызығы, профессионалдық қызметтің жаңа ұжымда, ешбір дәстүрсіз, құрылымсыз басталып және жаңа мекеменің басқа атрибутынсыз болып жатқаны».

Менің ойымша, ең жақсы жылдарымды Қарағанды Мемлекеттік университетінде өткізген сияқтымын. Бұл жерде мен аға-оқытушыдан бастап, факультеттің декандығына дейін көтерілдім. Сонымен қатар, ғылыми ізденістермен айналыстым. Оның нәтижесі университет қабырғасынан тыс кейінірек жарияланды. Тек қана университеттің қоғамдық жұмыстарына ғана араласып қоймай, қалалық, облыстық қоғамдық жұмыстарға да белсене қатыстым. Кейбір жылдары қоғамдық тапсырмалар көптеп берілді. Екі тілді бірдей меңгергендіктен, облыстық комитеттің штаттан тыс лекторы болып, аудандарға, әсіресе шалғайда жатқан қазақ аудандарына барып тұрдым. Ол кезде жергілікті тұрғындарға қазақ тілінде лекция оқитын қоғамтанушылар да аз еді. Әртүрлі комиссия құрамында жүріп, еңбек ұжымдарының өмірімен таныстым. Қала және облыс басшыларымен бірге көптеген кездесулер болды. Осы бүгінгі күнге дейін бұрынғы обком хатшысы К.А. Аманбаевпен, облыстық атқару комитетінің төрағасы С.К. Досмағамбетовпен, Т.А. Ахановпен, қалалық атқару комитетінің төрағасы Шаймерден Оразалиновпен, ҚарМУ-дің ректоры З.Ш. Молдахметовпен жақсы қарым-қатынасым сақталған.

Бірақ сол жылдары Елемесов Раушанға ең бір жарқын әсер еткен, әрине, академик Е.А. Бөкетов болды. Ол тек қана ірі оқымысты емес, сонымен қатар тарихтан, әдебиеттен энциклопедиялық білімді ғұлама, жазушы, аудармашы. Кейбір уақытта Елемесов Р жұмыс бабы бойынша осы кісімен біраз уақыт бойы жиналған сәтте кездесіп тұратын. Бір күні ол Евней Арыстановичтен өмірлік сабақ алды. Мен қандай да бір жағдайлармен, ол кісімен жұмыстан тыс уақытта да кездесетінмін. Алайда, өмірлік сабақты жұмыс бабында жүріп алдым. Ол кісі бір

қоғамдық ұйымның төрағасы мен хатшысы болып, іс-қағаздарды жүргіздім. Әр кезде іс-қағаздарға қол қойғызуға кіретінмін. Ол кісі кез-келген уақытта қабылдай беретін. Бір күні ол жалғыз отырған жеріне, мен қолымдағы папкамен кіріп келдім. Ол маған қарап, хатшысын шақырып, қатаң түрде: «Сен неге қабылдау күнін келісілмеген уақытқа қойдың?»- деп кейіген соң, үнсіз бұрылып, шығып кеттім. Мен қандай да бір жұмыстармен кафедраға кетіп едім. Алайда, бір сағат өткен соң, факультеттің аласұрған қызметкерлері мені іздеп тауып: «Тездетіп ректорға бар», - деді. Мен сол кісінің алдына бара жатып, сөгіс алатындай сезіндім. Бірақ та, ол мені бөлмесінен шығарып жібергені үшін кешірім сұрап, жұмыс барысын сұрай бастады. Университеттің ректоры, атақты академик, өз қарамағындағы жаңадан жұмыс бастаған оқытушыдан кешірім сұрағанына қазіргі кезде сену қиын. Сол уақыттан бері қарамағымдағы жастарға дөрекі сөйлемеуге тырысамын, - дейді Р. Елемесов.

1985 жылы Р.Е. Елемесовтің өмірінің жаңа сәті басталды. Өмірдің барлық жағын қамтыған қоғамдық өмірдің демократияландыру және жариялылық кезеңі. Сонымен қатар Р Елемесовтің өміріне де қатысты болды.

Тек кеңес қоғамтану ғылымының тұрақтап қалған құндылықтарын ғана емес, бүкіл социалистік қоғамтану өмірлік құндылықтарын ой елегінен өткізу қажет еді. Ол енді ғылыми—публицистикалық және үгіт жүргізу қызметіне өтеді. 1988 жылдан бастап, 1993 жылға дейін ҚР ҒА Орталық Қазақстан бөлімшесі Қоғамдық ғылымдар орталығының нарықтық инфрақұрылым бөлімінің меңгерушісі қызметіне ауысады. Сол жылдары ол «Индустриалды Қарағанды», «Орталық Қазақстан» газеттерімен, облыстық қазақ радиосымен тығыз байланыста болып, негізгі тақырыбы нарықтық қатынасқа өту проблемалары, мемлекеттің нарықты құру жағдайындағы орны және басқа елдердің нарықтық

жүйені құрудағы тәжірибелері жайында «Казахстанская правда» және Мәскеулік басылымдарда мақалаларын жариялады. Оның іс әрекеті тек қана жаңа экономикалық қатынастарды насихаттау немесе ғылыммен ғана шектеліп қойған жоқ.

Ол 1988-1989 жылдары Қарағанды облысының аумақтық шаруашылық есепке немесе өзін-өзі басқаруға аудару жөніндегі жұмысшы тобын басқарды. Алғаш рет Қазақстанда, мүмкін Одақта оның басқарумен салааралық өндірістік тепе-теңдік және облыстық өнімдерді үйлестіру жасалды, осының негізінде аймақтық қаржы ағыны бақыланып реттелді. Бұл есеп-қысаптар облыстық партия комитеті мен атқару комитетінің назарын аударды. Тікелей тапсырыс беруші облыстық экономика комитетінің төрағасы, қазіргі ҚР Экономика және сауда министрі М. Есенбаев болатын, обкомда қазіргі кезде Қазақстанның атақты мемлекеттік қайраткері, дипломат Қ. Сұлтанов көңіл қойды. Бұл жасалымдардың ғылыми практикалық маңызы Раушан Елемесұлының көз қарасы бойынша бүгінгі күнге дейін Үкімет пен жергілікті биліктің экономикалық саясатында құндылығын жоғалтқан жоқ.

1990 жылы Р. Ходжаев басқарған Қарағанды облысын нарықтық қатынастарға көшіру жөніндегі жұмысшы тобына Р. Елемесов орынбасарлыққа шақырылды. Бағдарлама Шаталиннің әдістемесі бойынша жасалынды (500 күн).

Осы жұмыс барысында Қарағанды облысында еркін экономикалық аймақ құру идеясы туды. Бірақ өңдеу жұмыстары кезінде ол кеңес беріп, үгіт жүргізгенімен өзі жанама түрде қатысты (талап бойынша барлық аудандар мен қалалардан келісім алу қажет еді), ол және әу бастан облыстық масштабтағы еркін экономикалық аймақ идеясына қарсы болды. Сондықтан экономикалық себептерді айтпаған күннің өзінде саяси себептерге байланысты ел басшылығы мұндай қадамға бармайтындығына сенімді болды. Оның орнына еркін

экономикалық аймақты Орталық Азия мен Қазақстандағы ірі құрылысы бітпеген Қарағанды әуежайының базасында құруды ұсынды. Бірақ Қазақстан Жоғарғы Кеңесі Қарағанды еркін экономикалық аймағы туралы шешімді бекіткенімен, сол кездегі көптеген жобалар сияқты, бұл тек қағаз жүзінде ғана қалды. Соңында барлық облыстық еркін экономикалық аймақтар жойылды.

1993 жылы Р Елемесовтің отбасы Алматы қаласына көшіп келді. Сөйтіп, Қазақстан Республикасы кәсіпкерлік қоры атқарушы директорының орынбасарлығына қабылданды. Осы жерде ол Алматыдағы кәсіпкерлердің бірінші бүкілөлемдік съезінің штабын басқарды. Қазақстанның орта және кіші бизнесін дамытудың алғашқы бағдарламасын жасауға қатысты.

1994 жылы ол жаңадан сайланған ҚР Жоғарғы Кеңесінің экономикалық реформалар жөніндегі комитетіне кеңесшілікке шақырылды. Комитет төрағасы белгілі экономист О. Сәбденов болатын. 1995 жылы қаңтарда Жоғарғы Кеңестің қабылдауы бойынша, жұмыс бабындағы міндеттемелерімен бірге, экономистер С. Байзаковпен және О. Қалдыбаевпен жасаған жаңа экономикалық саясаттың концепциясы жарияланды. Бұл концепция сол кездегі Өкіметтің орта кезеңге арналған бағдарламасының баламасын және кейінірек жүргізілген мемлекеттік сатып алу, импортты алмастыру саясаты, аймақтық экономикалық саясат, тағы басқалардың теориялық негізін қалады. Концепцияның негізгі діңгегі мемлекеттің экономикадағы реттеуші рөлін күшейту туралы идея болды. Бұл сол жылдағы шаруашылықтың социалистік әдісіне қайта оралуы деп қабылданды. Бірақ өткен ғасырдың 90-жылдарының екінші жартысындағы Қазақстан мен бүкіл әлемдік оқиғалар көрсеткеніндей белсенді экономикалық саясатынсыз және ұтымды реттеуші құралдарынсыз қазіргі уақыттағы экономика

қадам баса алмайды және «көрінбейтін қол» идеясы бұл күнде ескірді.

1995 жылы сәуір айында жоғарғы Кеңес тарап, содан соң Р. Елемесов әл-Фараби атындағы Қазақ Мемлекеттік Университетіне «Халықаралық экономикалық қатынастар» кафедрасының меңгерушілік қызметіне шақырылды. Кафедра шағын ғана болатын. Кафедра құрамында бар болғаны бір ғана экономика ғылымдарының кандидаты болды. Р. Елемесов кафедраны 2001 жылдың қыркүйегіне дейін басқарды. Осы жеті жылдың ішінде кафедра тек қана сан жағынан ғана емес, сапасы жағынан да өсті. Қазір кафедрада 2 ғылым докторы, профессорлар, 7 ғылым кандидаттары, доценттер жұмыс істейді. Бұлардың басым көпшілігі кафедрада жұмыс істей жүріп, диссертацияларын қорғады.

Халықаралық экономикалық қатынастар бөлімшесінің түлектері ҚазМҰУ-дегі президентіміздің «Болашақ» стипендиясының иегерлері мен халықаралық грантты ұтып алған студенттердің басым бөлігін құрайды. Көпшілігі АҚШ, Ұлыбритания, Германия, Ресейдің алдыңғы қатарлы жоғары оқу орындарының магистратурасын бітірді (мысалы, Гарвард, Мәскеу университеттері, Лондон экономика мектебі, Мәскеу халықаралық қатынастар институты т.б.). Қазір олар ҚР көптеген мемлекеттік құрылымдарында, Қазақстандағы халықаралық ұйымдарда және жеке компанияларда жұмыс істейді. Көпшілігі өз білімдерін шетел университеттерінде және әл-Фараби атындағы ҚазМҰУ-дің магистратурасы мен аспирантурасында жалғастырып жатыр.

1996 жылдан бастап оның басқаруымен «Халықаралық экономикалық қатынастар және ҚР сыртқы экономикалық саясаты» деген жалпы атаумен зерттеу жұмыстары басталды. Осы жұмыстардың қорытындысы бойынша 2001 жылы халықаралық экономикалық қатынастар жайындағы алғашқы

фундаментальды оқу құралы басылып шықты (Халықаралық экономикалық қатынастар Р. Елемесовтың редакциясымен. Алматы. Қазақ университеті. 2001. 415б.). Және кеден тарифын реттеу, төлемақы балансы жайында т.б. бірнеше оқулықтар шықты. Қазір университет баспасында осы оқу құралының қазақша басылымы дайындалып жатыр. Тақырып бойынша зерттеу жалғасып, осы оқу құралдарын дайындауда ұжым жұмыс жасап жатыр, және әлемдік экономиканың өртүрлі бағыттары бойынша оқулық дайындалуда, әлемдік экономика бойынша оқулықтың жоспары жасалып жатыр. Ол 1995 жылдан 2001 жылға дейін ҚазМҰУ жаршысының экономикалық сериясының жауапты хатшысы болды. Ол осы қызметке тұрған кезде, журналдың бір ғана саны шыққан болатын. 2001 жылдан бастап, журнал жазылу каталогына еніп, республикадағы танымал журналдардың біріне айналды. Журнал жоғары аттестациялық комиссияның тізіміне енді. Яғни докторлық, кандидаттық диссертациялар қорғаған кезде журналда жарияланған мақалалар ескерілетін болады.

2002 жылдың қаңтарынан осы журналдың бас редакторы болып тағайындалды. Сонымен қатар Қазақ Ұлттық Энциклопедиясымен, басқа да басылымдармен байланысып тұрады. 1997 жылы бүкіл ТМД елдеріне тараған «Мемлекет және нарық» атты қосалқы еңбегі жарық көрді (Е. Жатқанбаевпен бірлестікте – Алматы. Қаржы-қаражат, Сорос-Қазақстан қоры). Бұл жұмыс осы күнге дейін нарықтық экономика жағдайында, мемлекеттік экономикалық саясаттың негізін оқытатын аздаған отандық басылымның бірі болып табылады.

Бұл кітап тек Қазақстанда ғана емес, бүкіл ТМД аумағында мемлекеттің экономикадағы рөліне теріс көзқарас өршіп тұрған жағдайда жазылған болатын. Р. Елемесов экономикалық жүйе тек ұлттық мемлекет шеңберінде ғана өмір сүре алады деген пікірді қатаң ұстанған болатын. Және осы күнге дейін бұл пікірінен

айныған жоқ. Яғни, Үкіметтің салықалы экономикалық саясаты, экономикалық гүлденудің негізгі алғы шарты болып табылады. Ал басқа факторлар қаншалықты маңызды болғанымен, қосалқы рөл атқарады.

1998 жылы «Өтпелі экономика: әдістемесі мен теориясының проблемалары» (Алматы. Қазақ университеті. 10,37.б.т.) монографиясы жарық көрді. Мұнда негізгі назар экономикалық реформалардың мақсатымен қабылданып жатқан шаралардың тиімділігін арттыруға аударылды. Яғни, автор өтпелі экономика жағдайындағы тиімділік теориясын дамытты. Экономика дегеніміз, белгілі бір тұтас жүйе болғандықтан, оның пікірінше экономикалық реформалар жүйелі түрде жүргізілуі керек. Бөлекше, тіпті өте бір табысты шаралардың өзімен экономиканы дамыту мүмкін емес. Осы идеялар оның 1998 жылы ҚазМҰУ-дің диссертациялық кеңесінде табысты қорғаған докторлық диссертациясының негізін қалады.

2001 жылдың қыркүйек айында Р. Елемесов әл-Фараби атындағы ҚазМҰУ-дің Экономика және бизнес факультетінің деканы болып тағайындалды және әлемдік экономика кафедрасының профессоры. Қазіргі уақытта экономикалық жүйелер құрылымдарының әртүрлі мәселелері және оларды салыстырмалы талдау жөнінде зерттеу жүргізіп жатыр. «Экономика ғылымында пайдаланылатын кейбір негізгі терминдердің маңызы мен мағынасы жөнінде» деген жалпы атаумен ҚазМҰУ жаршысының экономика сериясында бірқатар мақалалары жарияланды. «Әлем экономикасы», «Халықаралық экономикалық қатынастар» курстары және басқа да бірқатар арнайы курстар бойынша лекциялар оқиды.

Декандыққа тағайындалған уақыты Қазақстандағы жоғары білім жүйесін өзгертіп жатқан кезеңмен тұспа-тұс келді. ҚазҰУ қайтадан жоғары экономикалық білімнің орталығы болды. Мұның өзі жаңа деканнан экономика және бизнес факультетінің лидерлік позицияларына

кандидаттар ұсыну барысында көп күшті талап етті. Профессор Р.Е. Елемесов декандық қызметіндегі алғашқы қадамын оқу процессінің материалдық базасын нығайтудан, факультетте тәртіп орнатудан бастады. Осы арқылы тек жаңа басшылықтың ғана емес, сонымен бірге оқытушылар корпусының, әсіресе студент қауымының ықыласына ие болды.

Ол жарасымды жанұяның абзал да мақтан тұтар отағасы, зайыбы Сара Әбдіғалымқызы Сулейменова ММУ экономика факультетінің түлегі, ҚарМУ-де оқытушы болып, сондай-ақ мемлекеттік құрылымдарда қызмет істеді. Монополияға қарсы комитетте бас басқарма бастығы болды. Қазіргі уақытта немерелерінің тәрбиесімен айналысуда.

*Отбасы:* жұбайы Сулейменова Сара Абдығалымқызы – Москваның Мемлекеттік университетінің экономика факультетінің түлегі. 20 жылдан астам уақыт Қарағанды мемлекеттік университетінде оқытушы қызметін атқарды. Сара Абдығалымқызы Мемлекеттік монополияға қарсы күрес комитетінің Бас Басқармасының бастығы және Қазақстан Республикасы Мемлекеттік мүлік Комитетінің департамент директорының орынбасары болып қызмет атқарды.

Ұлы Асқар – орта мектепті алтын медальмен бітіріп, Москва Мемлекеттік университетінің экономика факультетін “Шетел экономикасы” мамандығы бойынша үздік бітірген. Асқар Раушанбекұлы Америка Құрама Штатында Вашингтон университетінде магистр атағын алған. Асқар Елемесов Қазақстан Республикасы Халық, Каспийский және Тұран Әлем банкілерінде басшылық қызмет атқарды. Ол қазір Дойче Банк Секьюритиз (Қазақстан) президенті.

Қызы Құралай – ол да орта мектепті медальмен бітіріп, АҚШ –да Вашингтон университетін үздік бітіргеннен кейін АҚШ-ның инвестициялық компанияларда алты жыл бойы табысты еңбек етті. Қазір

Құралай Гарвард университетінің магистратурасын бітіріп жатыр.

Келіні Манат – орта мектепті медальмен бітіріп, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің экономика факультетінде халықаралық қатынастар мамандығы бойынша білім алған. Қазір шетелдің аудиторлық компаниясында қызмет жасайды, бірнеше шет тілдерін меңгерген.

Сүйікті немерелері: Аяз 4,5 жаста, Абылай – 1,5 жаста.

әль-Фараби атындағы  
ҚазҰУ Халықаралық  
қатынастар факультеті деканы,  
э.ғ.д., профессор  
Ержан Байгужаевич Жатқанбаев

## Профессор Р.Е. Елемесовтың өмірі мен ғылыми қызметінің негізгі кезеңдері

Елемесов Раушан 1942 жылы мамыр айының 25 жұлдызында Шымкент облысы, Бәйдібек ауданы, Боралдай селолық аймағының Түйетас ауылында дүниеге келді.

1950-1961 ж.ж. – мектепте оқыды.

1961-1964 ж.ж. – Кеңес әскерінде қызмет етті.

1964-1969 ж.ж. – М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу Мемлекеттік университетінің экономика факультетінде оқыды.

1969-1972 ж.ж. – Мәскеу Мемлекеттік университетінің, экономика факультеті «Саяси экономия» кафедрасының аспиранты.

1972-1976 ж.ж. – Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды Мемлекеттік университетінің «Саяси экономия» кафедрасында аға-оқытушы.

1973 ж. – М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу Мемлекеттік университетінің экономика факультетінде «Ғылыми технологиялық революция жағдайында жұмыс күшін социалистік жаңартудың салалық пропорциясын жетілдіру» тақырыбына кандидаттық диссертациясын қорғады.

1976-1982 ж.ж. - Қарағанды Мемлекеттік университетінің экономика факультетінде «Саяси экономия» кафедрасының доценті.

1982-1988 ж.ж. - Қарағанды Мемлекеттік университетінің экономика факультетінің сырттай оқыту бөлімінің деканы.

1988-1993 ж.ж. - ҚР ҒА Орталық Қазақстан бөлімшесі Қоғамдық ғылымдар орталығының нарықтық инфрақұрылым бөлімінің меңгерушісі.

1993-1994 ж.ж. - Қазақстан Республикасының кәсіпкерлік қорының атқарушы директорының орынбасары.

1994-1995 ж.ж. - Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің экономикалық реформалар жөніндегі комитетінің кеңесшісі.

1995-2001 ж.ж. - әл-Фараби атындағы ҚазМУ-дің әлемдік экономика кафедрасының меңгерушісі.

1998 ж. әл-Фараби атындағы ҚазМУ-де «Экономикалық жүйені трансформациялаудың әдістемелік және теориялық аспектілері» тақырыбына докторлық диссертациясын қорғады.

2001 ж. - әл-Фараби атындағы Қазақ Мемлекеттік университетінің экономика және бизнес факультетінің деканы, әлемдік экономика кафедрасының профессоры.

## **Краткий очерк научно-педагогической и общественной деятельности профессора Раушана Елемесовича Елемесова**

Елемесов Р.Е. один из тех, кто родился в суровые годы Великой Отечественной войны, когда многие никогда не видели отцов, а отцы своих сыновей.

Его отец – Елемес был скотоводом и вел традиционный образ жизни степняка. Зимовал на берегах реки Арысь, а весной перекочевывал в отроги Каратау. Вот в этих местах и родился весной 1942 года мальчик, которого нарекли именем Раушан. Ныне это аул Туйе-тас Боралдайского сельского округа Байдибекского района (бывший Алгабасский район).

Детство его было в какой-то мере типичным для поколения военного времени, когда для многих детей безотцовщина была уделом как бы данное самим богом. Отец был призван в действующую армию к осени 1942 года и пропал без вести. Мать – Зейне осталась с четырьмя детьми, самому старшему из которых было 15 лет. Семье пришлось пережить все тяготы военного и послевоенного времени. Весь скот в 30-е годы был конфискован, а тем, кто сопротивлялся коллективизации, пришлось бежать в Среднюю Азию. Семья оттуда вернулась перед началом войны и вступила в колхоз Кайрат в Сайрамском районе, так как по неизвестным причинам отец Раушана опасался вернуться в родные места (скорее всего за участие в Созаксом восстании). После призыва отца в армию родственники забрали семью в нынешний Байдибекский район, где до сих пор проживают старшие брат и сестра.

Самый старший брат был призван в трудовую армию в 1946 году, и его направили на работу в Карагандинские угольные шахты, где в 1948 году попал в аварию в шахте имени Костенко, и скончался от

полученных травм. Семья осталась опять без кормильца. В послевоенное время материальное положение у всех было тяжелое, но особенно трудно было тем, кто лишился взрослых мужчин. После уборки урожая женщины и дети собирали колосья, оставшиеся после уборки урожая (масак), но за это нередко строго наказывали. Старшее поколение сельских жителей хорошо помнит это суровое и страшное время. У детей не было одежды и обуви. Не было электричества. Но школы работали.

Елемесов Р. научился читать и писать рано, вместе со старшим братом. В ауле не было библиотеки, но в некоторых домах имелись книги, в основном казахский эпос (кисса). Довольно часто мать собирала соседок и просила прочитать им один из этих произведений. Так до школы познакомился с «Алпамыс батыр», «Кобланды батыр», «Кыз жибек» и другими народными сказаниями. Кроме того, в те годы были еще живы традиции «жыршы», которые, переходя из аула в аул, длинными вечерами пели или рассказывали на память не только казахские, но и другие тюркские эпосы. На такие вечера мать всегда брала его с собой, хотя в гости практически никогда не водила. Следует заметить, что Раушан, как и многие дети пред и послевоенных лет, застал устные сказания не только жыршы, но и устное творение народа, как бы из первых рук – рассказы матерей, стариков о народных батырах, похождениях Кожанасыра и других героях народного творчества. Это был период, когда со сменой письменности, казахи манкутизировались, ибо не могли прочесть ранее написанные книги, а в новой письменности о народном творчестве практически ничего не говорилось.

В ауле Туйе-тас до сих пор по традиции проходят кокпары, хотя в последние годы очень редко. Дело в том, видимо, что этот аул расположен на стыке тогдашних четырех районов ЮКО и здесь имелись обширные

невспаханые поля. Для аульных детей это были праздники не только как зрелище, но и как знакомство с легендарными скакунами и кокпарчи. Так с детских лет началось впитывание национальных обычаев, традиций, нравов, народных преданий.

В 1950 году началась учеба в школе. В школу пошел поздно из-за материальных затруднений в семье. В те годы дети учились писать на обрывках газет, всякой бумаги. Ручки и карандаши тоже были в дефиците. В четырехклассной школе был один учитель. В школе были две комнаты, в одной занимались казахские классы, в другой русские. Занимались только в светлое время суток, по два класса в смену в одной комнате. Учителю приходилось одновременно заниматься с учениками 1-3 классов или 2-4 классов.

С 5 класса перешел в среднюю школу центральной усадьбы совхоза (ныне село Боралдай). Школа считалась одной из самых сильных в Южном Казахстане. Учительский корпус состоял из выпускников российских и казахстанских университетов. Начиная с 7 класса, на 1-1,5 месяца ученики направлялись на уборку хлопка. Летом работали на уборке урожая, сенокосе, на разных сельскохозяйственных работах. Несмотря на это выпускники школы получали хорошее образование. Елемесов Р. закончил школу в 1961 году на отлично, с четверкой по русскому языку.

С 1961 по 1964 годы служил в армии, в инженерной академии имени генерала Карбышева в Москве и в 1964 году поступил на экономический факультет МГУ имени М.В. Ломоносова на специальность «Политическая экономия» по общему конкурсу. В 1969 году после успешного окончания университета был оставлен в аспирантуре кафедры «Политической экономии» экономического факультета МГУ.

Годы учебы в Московском государственном университете оказали решающее воздействие на его становление как личности и ученого. Деканом факультета был участник Великой Отечественной войны профессор Солодков М.В., заведовал кафедрой известный на весь Союз профессор Цаголов Н.А., у которого была своя общепризнанная школа политэкономии. Среди преподавателей были такие личности, как участник гражданской войны профессор Козодоев И.И., крупнейший специалист по истории экономических учений профессор Полянский, опекавший один из детских домов Москвы, профессора Черковец, Осадчий и другие интереснейшие личности. На других кафедрах работали не менее известные специалисты как профессор Татур, Шеремет, Фаминский, будущий мэр Москвы Попов и другие. Было, у кого учиться и кому подражать.

60-ые годы были связаны с «Хрущевской оттепелью», которая коснулась и студенческой аудитории. Для нас, студентов экономического факультета, она больше была связана с экономическими реформами Косыгина. Шли горячие споры по реформированию экономики. Основными оппонентами были ученые экономического факультета МГУ и института экономики АН СССР. На эти дискуссии студенты ходили, скорее всего, как на спектакль, поглазеть на известных ученых, но неосознанно учились свободе мысли, корректному научному спору.

Не меньше влияния на формирование его личности оказала казахская диаспора в Москве. В те годы в Москве, особенно в МГУ, училось около трех тысяч студентов из числа казахстанской молодежи, среди них известные ныне в Казахстане ученые и общественные деятели, такие как доктор экономических наук академик Калиев Г.А., член-корреспондент Сатубалдин С.С., профессор Жатканбаев Е.Б., профессора-философы Молдабеков Ж.Ж., Касабеков

А.К., Орынбеков М., дипломат Тайжанов Б., общественные деятели М. Ауэзов, С. Акатай и другие. В рамках молодежной организации «Жас Тулпар», землячества казахстанских студентов проводились различные мероприятия, дискуссии, где обсуждались разные вопросы казахстанской культуры, языка, диаспоры, организовывались кружки по изучению казахского языка, истории и т.п. Эти мероприятия связывали их с родиной, позволяли быть в курсе многих проблем Казахстана и воспитывали будущих граждан свободной страны.

Мне вспоминается одна маленькая деталь из деяний «Жас Тулпара». Мы попросили через постпредство КазССР в Москве увеличить количество продаваемых газет из Казахстана в киосках МГУ. Хотя не в полной мере удовлетворили наш запрос, но количества продаваемых газет «Казахстанская правда», «Социалистик Казахстан» увеличилось.

Наряду с учебой надо было зарабатывать на жизнь. Приходилось работать грузчиком на вокзалах, с лопатой работать на стройках, сторожем и т.д. Но больше осталось воспоминаний об студенческих строительных отрядах. Два лета строил зернохранилища, сараи, школы в Алексеевском и Шортандинском районах ныне Акмолинской области, познакомился со строительством на вечной мерзлоте в Норильске, сейсмостойкими сооружениями на Сахалине, где провел два сезона. Некоторые сейчас эти отряды преподносят, чуть ли не как принудительные работы, а на самом деле это были не только заработки, но и давали возможность познакомиться с жизнью и проблемами разных слоев населения, повидать мир, расширить не только географический кругозор.

В студенческие годы он женился на Сулейменовой Саре Абдыгалимовне, которая так же училась в те годы в МГУ, и в 1968 году у них родился первенец – Аскар,

который по истечении многих лет, по примеру родителей окончил МГУ, а затем магистратуру в Вашингтонском университете (Сент-Луис, США). Аскар сейчас возглавляет Дойче-Банк в Казахстане. Он стал гордостью не только своих родителей, но и их друзей.

Раушан Елемесович, поступив в аспирантуру, начал заниматься проблемами трудовых ресурсов. Научным руководителем был заместитель декана экономического факультета, а затем проректор МГУ, профессор Волков Ф.М. В становлении Елемесова Р.Е. как ученого, большую роль сыграл заведующий кафедрой профессор Цаголов Н.А., хотя он никогда и не являлся руководителем его научных работ. Первую научную статью, как вспоминает Раушан Елемесович, писал долго и трудно, почти полгода. После нескольких переделок научный руководитель рекомендовал статью в Вестник МГУ, серия «Экономика». Оппонентом выступил тогда еще молодой доцент, впоследствии известный российский экономист, заместитель директора института экономики АН СССР Куликов В.В., который доказывал, что статья не имеет особой научной ценности. Время было довольно позднее, но, несмотря на это, пришел в редакцию сам Цаголов Н.А. и слушал спор между аспирантом и доцентом. Раушан Елемесович, естественно, доказывал свою правоту и, в запале спора забыл, что кроме них в комнате находится, и третий участник разговора, а когда вспомнил и глянул на Николая Александровича, он замер и замолк. Замолк и Куликов В.В. После некоторой паузы Цаголов Н.А. коротко сказал: «вот так делается наука Всеволод Всеволодович, надо пропустить статью молодого человека».

«Удивительно не то, что пропустили статью. Ни до этого, ни после этого никогда не видел и не слышал, чтобы знаменитый на всю страну профессор, заведующий головной кафедрой всемирно известного Вуза после работы

участвовал в обсуждении статьи одного из сотен аспирантов, притом как бы персонально, только с участием оппонента. Это было, по моему, не внимание к моей персоне, а высочайшее уважение к научному журналу, который выпускался факультетом, и ответственность за его содержание, так как он отвечал за политэкономические публикации. Это было уроком на всю жизнь. С тех пор я стараюсь относиться к студентам и аспирантам, по возможности, так же внимательно – говорит Р Елемесов. Не обиделся и Куликов В.В., впоследствии мы с ним почти подружились, и до сих пор поддерживаем добрые отношения. Такова должна быть атмосфера во всех творческих коллективах».

С осени 1972 года, после окончания аспирантуры, Елемесов Р.Е. старший преподаватель кафедры политической экономии Карагандинского государственного университета, который был открыт весной того же года. Он попал волей распределительной системы во второй, после КазГУ, университет Казахстана, где ректором был знаменитый академик Букетов Е.А., имя которого сейчас носит КарГУ, а кафедрой заведовал профессор Абдразаков Т.А. участник Великой Отечественной войны.

Атмосфера в КарГУ была совсем иная, чем в МГУ. Преподавательский состав был совсем молодым. Костяк педагогического корпуса составляли преподаватели Карагандинского пединститута, на базе которого был организован университет. За два года в новый университет по направлению приехали очень много выпускников и аспирантов Алматинских, Московских, Ленинградских вузов, некоторая часть перешла из карагандинских вузов, были специалисты даже из Киргизии и других республик. Вуз формировался, возникали новые факультеты, кафедры, в которых были лишь несколько сотрудников. Это был для Раушана Елемесовича один из интересных периодов его

